

ӘЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының
4^Г курс топары

Қазақ әдебиеті тарихы пәнінен

Курс жұмысы

Тақырып: Қасым поэзиясының көркемдігі

Қабылдаған:

Ғ. Мамбеткаримов

Дайындаған:

А. Оразбаева

НӨКІС - 2014

Ж О С П А Р Ы

I Кіріспе

Бірінші тарау

Қасым – лирик ақын

Екінші тарау

Қасым поэзиясының көркемдігі

III Қорытынды

IV Пайдаланған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Еліміз өз тәуелсіздігіне ие болып, ұлттық санада үлкен өзгерістер байқалып жатқан шақта әдебиет пәнінің танымдық та, тәрбиелік те мәніне ерекше көңіл бөлінуде. Себебі қашаннан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде олардың дүниеге көзқарасын қалыптастырып, сана сезімін дамытатын пәндер арасында әдебиет пәніне ешбірі тең түсе алмайды. Бұл қашаннан белгілі ақиқат.

Күн сәулетті Өзбекстан атты Отанымызда халыққа білім беру, әсіресе, жас ұрпақты зерделі, сауатты, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеп жетілдіру бағытында көп қана істер жүйелі жасалып, тіпті қазір өз жемісін беріп келеді. Осының нақты мысалы еліміздің барлық аудандары мен қалаларында, ауыл-қыстақтарымызда сән түзеген мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, лицейлер мен колледждер ғимараттары. Бұларда еліміздің ертеңі болған жас ұрпақ жүйелі де терең білім алып, маңызды да мағыналы тәрбиеге ие болып шығатыны сөзсіз.

Президентіміз И.А.Каримов: айтқанындай: «Буюк маданиятимизни тиклаш ва янада юксалтириш, миллий таълим тизимини такомиллаштириш, унинг миллий заминини мустахкамлош, замон талаблари билан уйғунлаштириш асосида жaxon андазалари ва куникмалари даражасига чиқариш мақсадига катта ахамият бериб келинмоқда¹».

Өзбекстанда жасаушы негізі ұлттардың қатарында қазақ халқы да тұрады. Бір миллионнан астам қазақтар үшін Өзбекстан өз Отаны, өз мемлекеті болып, онда олар өз ана тілінде оқып білім алып, өз халқының әдебиетімен сусындап отыруларына толық жағдай жасалған.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері Қасым Аманжолов – Өзбекстанда да көпшіліктің ең сүйіп оқитын ақыны. Оның көптеген шығармаларын өзбек, қарақалпақ жастары да сүйіп оқитыны аян.

¹ И.А.Каримов. Баркамол авлод – Узбекистон тараққиегининг пойдевори. Тошкент. Шарқ.1997. 5 б.

Қазақ әдебиетіне келер болсақ, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қазақ прозасының іргесін қалап, уығын шанышқан, өздерінің ойлы да көркем туындыларымен көркем поэзиямыздың қалыптасуына елеулі үлес қосқан көп қана қаламгерлер болғаны мәлім. Солардың ішінде атап айтар болсақ, қазақ әдебиетінің алғашқы кезінде үздік шыққан, шоқтығы биік шоғыр-Жүсіпбек, Мағжан, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит қазақ әдебиетінің қабырғасын қаласқан аса көрнекті, саңылақ жандар болды.

Солардың соңынан еріп, жолдарын жалғастырғандардың бірі де әрі таланттысы Қасым Аманжолов болғаны мәлім.

Ақын көркем шығармашылығының міндеті мен шартына әуелден-ақ жеңіл-желпі қараған жан емес. Ол әдебиет дүниесіне асықпай, аптықпай, аяқты жай басып келгені сияқты, өз ісін үнемі үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын байсалды ақын екенін танытты.

Майдангер ақын Қасым Аманжолов – әлеуметтік, қоғамдық зор мәнді мәселелер жайында толғанатын, әрдайым өзі өмір сүрген бүгінгі қазақ қауымының іргелі, толғақты мәселелерін, проблемаларын зерделейтін, отаншыл, патриот ақын болды. Оның туған жер, Отан туралы поэзиялары өте сәтті де мәнді болып жазылған.

Біз өзіміздің курстық жұмысымыздың негізгі объектісі етіп, Қасым Аманжоловтың шығармашылығын алдық. Қазақ қаламгерлерінің соғыс кезеңінің күңіренген жағдайына арналған өзге де туындылары аз емес. Ал біздің курстық жұмысымызда осындай соғыстың от кешкен майданының ортасында жүрген куәгер ақын Қ.Аманжолов лирикасы құндылығы мен идеялық мазмұнын айқындап нақтылай түсу және ол арқылы ақынның өзге де шеберлік қырларын қоса қарастыру болды. Қасым өлеңдері арқылы жастарды Отан сүйгіштікке, адалдылық пен өмірге құштарлыққа, пәктікке баулу болып табылады. Міне, бұлардың бәрі-курстық жұмысымыздың негізгі мақсаты мен міндеттері болып табылады.

I ТАРАУ

Қасым- лирик ақын

Қазақтың қара өлеңінің жыр керуені ХХІ ғасырға аяқ басты. Оның бастау бұлағында халықтың аса бай ауыз әдебиеті, бабаларымыздың тасқа қашап жазып кеткен асыл жәдігерлері, жыраулық поэзияның інжу-маржандары жатқандығы ғылыми дәлелденді. Ал жазба поэзия туралы сөз еткенде, ең алдымен ұлы Абай жырлары жадымызда жаңғырып тұрады. Сол Абайдан соңғы ақындар ішінде алдымен ауызға ілінетіні Мағжан мен Ілияс сияқты біртуарлар екендігі де айтылып та, жазылып та жүр. Олардан кейін қазақ өлеңіне тың леп, жаңа дауыс әкелген Қасым Аманжолов десек, ақиқатқа жүгінгеніміз болар.

Қасым ақын 1911 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келеді. Жастай жетім қалған ол Семейдегі интернатқа түседі. Сонда сауат ашады. 1927–1930 жылдары Семей малдәрігерлік техникумында оқиды. Одан соң Орал қаласындағы педагогикалық институтта, біраз уақыт Ленинградтың (Санкт-Петербургтың) орман шаруашылығы институтында да білім алады. Бірақ оны денсаулығына байланысты бітірместен, 1932 жылы Алматыға келіп, «Лениншіл жас» газетіне қызметке орналасады.

Дәл осы кезден бастап оның өлеңдері баспасөз бетінде жиі көрінеді. Қалың оқырман Қасымды ақын ретінде 1936–1938 жылдары ғана тани бастаған. Алғашқы жеке өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен 1938 жылы жарық көреді. Бұдан басқа өзінің көзі тірісінде «Гроза» (орыс тіліне аударған Дм. Снегин) – 1946, «Дауыл» – 1948, «Балбөбек» – 1949, «Стихи» (орыс тілінде) – 1949, «Нұрлы дүние» – 1950, Таңдамалы шығармалары – 1952 жылдары тасқа басылып шығады.

Әр өлең кітабы шыққан сайын Қасым ақын жырлары байтақ қазақ даласына кең құлаш ұрып, жайыла түседі. Әсіресе «Дауыл» кітабындағы өлеңдері ақынды бұрын ешкім шықпаған биік шыңға шығарады.

Биылғы жылдың 10-қазанында Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толды. Осы ретте Қасым өмірдерегіне, оның шығармашылығы туралы

айтылған кейбір бағалы пікірлерге, оның мәңгі өшпес өлеңдеріне бүгінгі ұрпақ көзімен қайта бір зер сала қарап, сол ойларымызды оқырманмен бөліскіміз келді.

Қасым небәрі 44 жасында өкпе ауруынан мезгілсіз дүниеден озғаннан кейін, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1955 жылы Шығармаларының толық жинағы үш томдығының бірінші томы жарық көріпті. Кітаптың алғысөзін Тәкен Әлімқұлов жазып, түсініктемелерін Есмағанбет Исмаилов әзірлеп, жалпы редакциясын Сырбай Мәуленов басқарған екен. Ақын замандастары сол кездің өзінде Қасымның орнының ойсырап қалғандығына өкініш білдірген.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов бір топ ақынға мінездеме береді: «Қырғи тілді Асқар, сыршыл үнді Әбділда, майда қоңыр Ғали, басым сөзді Тайыр, күйлі-мұңды Қасым, ізденгіш те тапқыш Хамит, өзіне бөлек сырлы сазды Сырбай, салқын ойлы Саин».

Осындағы Мұқанның дуалы аузына іліккен «күйлі-мұңды Қасым» жырлары өзінің өміршеңдігімен бүгінге дейін қазақтың өлең көшін алға сүйреп келе жатқан құдіретті күшке, рухты, өршіл, өжет, жалынды, лепті қасиеттерге суарылғандығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қасымның замандас інісі, асқан шебер сөз зергері Тәкен Әлімқұлов ойлары әлгіндегі Әуезов айқындамасының ілікті жалғасындай әсерге бөлейді: «Қасым поэзиясы домбыраның сағағынан күмбірлеп сорғалаған қоңыр күйге ұқсайды. Бұл күйден көңілінің санасы барлар әрқашан да мол ләззат, нәр алып, кең тыныс табады. Қаншама тыңдасаң да жалықтырмайтын өміршіл күй, бұл! Сезімінді тереңдетіп, мейрімінді молайтып, қиялыңа қанат қақтыратын, жаныңды шабыттандыратын Қасым поэзиясы жаңарған өмірге әржақты жараса бермек. Сондықтан да өлімнің құшағына сыймайтын ақындардың бірі өзіміздің Қасым деп білеміз. Қасым өз халқының, өз қоғамының, өз дәуірінің шежіресі ретінде мәңгі өшпес шындықтарды тарихқа қалдырды... Тауға шығып, жаңарған кең далаға қарасақ, қатарымызда Қасым тұрғандай көрінеді. Рауандап атқан «таң жеңгені», «қанаты қанға малынған ақша бұлтты», кешкі

шымқай арайды көргенде Қасым есімізге түседі. «Алыстағы нажағайдың кара түнгі қанаты» жарқылдағанда, аспан сатұр-сұтыр жарылғанда, дауыл ысқырып соққанда арасында Қасым жүргендей сезіледі. Сіркіреп жаңбыр жауғанда ақын жаны ауамызда қалықтап жүзіп жүргендей болады. Қарауылға тұрған ай да, заңғарда жүзген жұлдыз да, Сарыарқа жақтан ескен жібек қанат самал да Қасымды есімізге салады... Қайда жүрсек Қасымның жыры, Қасымның әні жадымыздан шықпайды». Жүрек толқытарлық, жан тебіренерлік осы жолдарды оқығанда, Қасым ақынның құдіреттілігін сезінгендей боласың. Шынында да бүгінгі ұрпақ Қасым жырларына қазір үнілсе де, сондай күй кешетініне риясыз сенесің. Ол үшін әр оқығанда, әр қырынан көрінетін, оқыған сайын жаңа бір тылсымы, тосын бір жұмбағы ашылатын Қасым әлеміне сұңгисің. Ондайда тек ақынның қаламынан туған жырларына жүгіну керек-ақ. Әр ақын тарих қойнауында жатқан алдыңғы көшке ілеседі. Сол көштің әсем әуезін, асыл меруертін бойына сіңіреді. Алдыңғы лектің асқақ рухына, мәңгі өшпес мақамына еліктеу арқылы, өз жолын, өз соқпағын табады. Қасым ақынның өзіндік бітім болмысы, бүтін тұлғасы дәл солай қалыптасқан. Өз шығармашылығының алғашқы жылдарында халық ауыз әдебиетінің ақпа-төкпе, желдірме-терме ырғағына бой ұрған кездері де болған.

Күндерде күн болғанда,
Кеудеге зіл толғанда,
Дүние азып-тозғанда,
Айуаншылық қозғанда...
Белес, белес асқанда,
Шалқып көңіл тасқанда,
Жерді жеңіп, жентектеп,
Жібек желді жетектеп,
Шыққанда ұшып аспанға,
Көктің қойнын ашқанда,
Бар әлемге танытқан,

Өмір сырын ағылтқан...

Табиғатты иіткен,

Жер бауырын жібіткен,

Жер сауырын гүл еткен,

Бетін торғын, нұр еткен,

Сай-саласын ну еткен,

Бетпақ шөлін сулы еткен,

Құм мен сорын шөп еткен,

Дөң, адырын көк еткен,

Қойнын ашып, кен еткен,

Мол байлыққа кенелткен, – деген сияқты жолдар Қасымның жасынан ауыз әдебиетінің уызына жарып өскен талант екендігін айғақтайды. Бұл енді, әсіресе қазақ ақыны үшін айнымас табиғи заңдылық десек те қателеспейміз. Қасым туған Қарқаралы өңірі ұлы Абай туған Шыңғыстаумен көршілес, еншілес орналасқан. Оның екінші бір бастау бұлағы, ақындығының қайнар көзі – бала кезінен естіп өскен Абай жырлары. Есейе келе, Семейге барған кезінде жас Қасым Абай өлеңдерімен, Абай рухымен тіптен жақын танысты. Шығармашылығының бастапқы кезеңінде Абай жырларынан тәлім алды. Оның Абай мектебінен мол сусындағандығы ақынның алғашқы өлеңдерінен қылаң беріп қалады. Мысалы:

Қара көз, қиылған қас, азық маңдай,

Алма бет, ақша жүзі нұр тамғандай.

Қыр мұрын, оймақ ерін, меуерт тіс,

Бейне мақпал қызыл тіл шекер балдай.

Төгілер иығына қара шашы,

Жібектей жүз құлпырған дамыл алмай,

Күмбездей жарқыраған мойыны бар,

Тамағы күн шалмаған ақ торғындай.

Тік иық, сүмбіл білек, кербез кеуде,

Қос емшек ақ төсінде қос алмадай...

(Сұлудың сымбаты, 1935).

Ішім пысты жалықтым,
Жүре алмай енді аяңдап.
Кенде қаппын, жаңа ұқтым,
Не болса соған аялдап. (1940).

Құлашты сермеп,
Қырандай өрлеп,
Шықтым өмір шыңына!
Қиырды болжап,
Тереңнен толғап,
Қандым өмір сырына!..

(1935).

Бұл да табиғи заңдылық. Абайды оқымай, оны терең зерттеп танымай ақындық жолға түсудің өзі әбестік болар еді. «Соғысқа дейінгі Қасым шығармаларында Абайдың әсері басым тәрізді. Тіпті, азын-аулақ сөз қылған махаббат жырларының өзінде Абайға тән терең іңкәрлік, шексіз құштарлық, оптимистік арман сезіледі. Бір түрлі, Абай лебі ескендей болады. Әлбетте Қасым Абайды көшіріп жырлады деген ұғым тумайды бұдан. Оның көлеңкесінде қалып та қойған жоқ. Өз беталысын, өз төтесін тапты», – деген Тәкен Әлімқұлов тұжырымы еске түседі.

Қасымның махаббат лирикасы, тұтас алғанда, оқушының көңіліне қонатын, жанына жағатын, асыл қасиетке баулитын лирика. Махаббатқа беріктік, шексіз іңкәрлік, тату-достық, рухани пәктік Қасым лирикасында бар. Әрине, сүйіспеншілік мәселесінде албырт жас ақынның оқыс айтқан пікірі, аяғын шалыс-шалдуар басқан жері жоқ емес. Ақынның өлеңдері түгелге жуық Марфуға деген қызға және кейін қосылған зайыбы Сәпенге арналған. Әр кезде әр түрлі сүйінші, күйінші, қызғаныш, сағыныш сезімі билеген ақын бір ғашығына әлденеше өлең шығарған. Сондай жай біздің Абайда да, Сұлтанмахмұт Торайғыровта да бар. Ақынның көзі тірісінде кішіпейілдікке

симаытындай көрiнетiн кей жайлардың кең мұрасына жарасып кететiн шағы болады. Қасымның ғашықтық жырлары сондай мұраға жатады.

1940-жылғы жазған «Орамал » атты өлеңiнде махаббат берiктiгi тамаша суреттеледi. Майданға кетiп бара жатқан жауынгерге сүйген жары орамал ұсынады.

Айрылмасқа серттескем,
Айғағым бұл орамал;
Орамалға тiлесей.
Жүрегiмдi орап ал!

Кiршкiсiз ақ орамал,
Көз жасыммен жуғанмын:
Жаным сендiк- қабыл ал,
Бiр сен үшiн туғанмын.

жүрегi адал, жаны сұлу адамның ғана аузынан шығатын осынау сөздер ерекше шырайлы образ жасап тұрғандай.

Қасым Аманжолов лирикалық кейiпкерi саяси белсендi, биiк интеллектiнiң адамы. Өмiр құбылысының қандайы болмасын оның назарынан тыс қалмайды

II ТАРАУ

Қасым поэзиясының көркемдігі

Қасым ақын сусындаған тағы бір мектеп – ол батыс пен шығыстың классикалық поэзиясы еді. Қасым оларды оқып қана қоймай, өз көңілінен шыққан Дж.Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Т.Шевченко, В.Маяковский, А.Твардовский, М.Миршакар, Н.Гәнжәуи шығармаларын қазақ тіліне сәтті тәржімалады. Әсіресе Лермонтов пен Маяковскийдің жан-дүниесі ақынға соншалықты жақын әсер етті. Поэзия әлемінен шарқ ұрып өзін іздеген ақын талмай талаптанып жүрген кезінде Ұлы Отан соғысы басталады. Алдымен Қасым әскер қатарына Қиыр Шығысқа шақырылады. Сол жақтан әскери эшалонмен ұзақ жол жүріп, туған жердің үстімен, бір сәт те аялдамастан батыстағы майданға аттанады. Дәл сол сапарда Қасым ақынның екінші бір тынысы ашылғандай. Дала төсін дүбірлете шапқан тұлпардай, дауылға қарсы ұшқан сұңқардай шарықтаған кезі де осы болатын. 32 жасар Қасым жырлары түйдек-түйдегімен төгіледі. «Байқал» туралы романтикалық балладасы сол толқынның басы еді. Ақын «Байқал» көлін ерекше шабытпен жырлайды. Жаңа атып келе жатқан ақ таңды – ерте оянған жеңгеге теңейді. Ару көлге ақын жанының өзі де соншалықты іңкәр, соншалықты құштар. Бұлт болып төніп құшқысы да келеді. Толғаныстың ең бір шұрайлы, жүректен төгіліп түскен тұсы екінші бөлігі. Онда ақын былайша көсіледі:

... Ұшты құстар көңілімнен,
Жанымда жыр толғадым.
Шымылдықтай төгілген,
Араладым орманын.
Аспанменен егескен
Бастым зәулім шыңдарын.
Күркіреп көкте кеңескен
Бұлттың сөзін тыңдадым.
Өр толқынмен ойнадым,

Қақтым ұшқан құстарын,
Шолп-шолп еткен шортанын,
Шоқтығынан ұстадым.
Жаттым бір кез құмартып,
Салқынәә»сайында,
Би билеттім бұралтып,
Ақ балтырлы қайыңға...

Ақын отырған эшелон қазақ даласының үстімен өткенде, өзі бозбала кезінде болаттай суарылған, күміс, алтын арналы ерке Ертістің лебі ақын жанын балқытады. Бір сәт өзі туып-өскен сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен, сап-сары алтын нұры жүзген қасиетті Сарыарқа көңіл күйін шалқытады.

Сарыарқа сағындырдың атамекен,
Сардала анам едің, құшағың кең.
Тұсыңнан тоқтай алмай барам өтіп,

Артта – Сен, алда – майдан, қайтсем екен? – деп перзент жүрегін толқытады. Дәл сол майданға аттанған эшелон тура Қасым туған, Қасым өскен, Қасым ер жеткен өмірлік жолымен жүреді. Енді оның алдынан жастық шағы өткен Орал қаласы шығады. Түйдек-түйдегімен төгілген мына қанатты жыр жолдары Қасымды ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясын шырқау биікке бірақ көтергенін білді ме екен, сезді ме екен ақын жүрегі?!

Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым, менің Оралым.
Қол созып қызыл вагоннан,
Үстіңнен өтіп барамын.
Оралым, сенің қойныңда,
Ойнақтап өткен жылдарым.
Жарқылдап Жайық бойында,
Достармен сайран құрғамын.
Шағанның бойы көк шалғын,

Шалқамнан жатқам шаңқай түс.

Гүл болып менің құшағым,

Кеудеме қонған бұлбұл құс...

Абай классикалық мұрасын мирас еткен Қасым қазақ поэзиясын осы дәстүрге көп көтеріп тастады. Қазақ өлеңіне қатысты оның концептуалды мәні бар «Дариға сол қыз» бен «Өзім туралы» өлеңінің ақын творчествосында орны бөлек туындылар, өйткені ол-шын шамырқанған талант дүниесі, әрі көркем мұра. Өмірдің бар мағынасы-ақынның асыл мұраты.

Өнімде ме еді

Түсімде ме еді

Көріп едім ғой армандай бір қыз

Көріп-қызыл өрттің ішінде жүрміз.

Қайда екен қайда дариғай сол қыз.

Қасымның әлемі мүлде өзінше үн шығарады, басқадай күйге бөлейді. Қазақ өлегіндегі осы бір арнаны толықтырып, байыты түскені ақиқат.

Өзге емес өзім айтам өз жайымда,

Жүрегім жалындатқан сөз дайында.

Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,

Тербетіп, тулатып бір қозғайында.

Аманжол Рахымжанның Қасымымын

Мен қалған бір атаның ғасырымын

Біреуге жұртта қалған жасығымын

Біреуге аспандағы асылымын-дейді өзінің «Өзім туралы » өлеңінде.

Қасым поэзиясының стильдік ерекшелігі азаматтық пафос дегенде біз оның атты серпіні, асқақ үн, биік әуенділігімен бірге осы айтылған адам тағдырының жалпы жақтарын,әсіресе қоғамдық жағын, оның мақсат өресін міндет деңгейін де қамтитындығын айтпақ едік. Яғни ақындық мәнердің де,

мазмұнның да кез келген адам жүрегін бір дір еткізбей қоймайтын әсерлігіне мегзедік.

Шынында да Қасым өлеңдерін оқығанда ол сені әлдеқандай бір биікке көтере жөнеледі, өлеңнің екпініне ілесіп, өзің де дауысыңды көтере, дүниеде жер басып тұрған жалғыз ақын, жалғыз қаһарман сендей-ақ бір биік сезімге бөленесің. Ал бұл әсерлілік, отты жігер, қуатты серпін жалпы Қасым Аманжолов поэзиясына тән құбылыс.

Қасым қазақ поэзиясына заманның алып адымымен, уақыттың жылдамдығымен жарысқан шамшаң, жітілікті, өткір, өрлікті ала келді.

Қасым поэзиясының, ендігі бір ерекшелігі- осы астарлы сөздің соншалықты табиғилығы қарапайымдылығы, нақтылығы мен ұғымға жеңіл, айқын, дәлдігі. Ақынның қандай өлеңін оқысаң да «бұл не дегені » деп оған қайта үгіліп жатпайсың. Жаасырын ой, астарлы сөз тез аңғарылады да көкейіңе қона кетеді. Мысалы,

Жүрді ұлан
Кекті зілін
Қоса түйіп қорғасынға.
Қан кілкіте қара тастан
Түткіледі кең даланы,
Қара толқын орман шашын
Жұлды талдап снрядтар
Мәнгі мекен көл жағасын
Тастап, суға сүңгіді жор.

Толассыз жауған жаңбырдай, күннен төгілген нұрдай осы өлеңде Қасымның өзіндік жолы сайрап жатыр. Оның «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы небәрі 26 жасында жау қолынан қаза тапқан қазақ ақыны, батыр Абдолла Жұмағалиевтің өшпес ерлігіне сөзбен сомдалған ескерткіш деуге лайық. Осы бір шағын поэманың тұла бойында тек қана Қасым ақынға ғана тән қаншама көркемдік бейнелеулерді мол кездестіруге болады. «Жараланған жолбарыстай», «Ырғып бұлттан түсер бұлттай», «Өзі оқ болып атылғандай»,

«Шаштан сүйреп махаббатты», «Сол аймақтың әрбір тасы, Үшқандай еді құс боп көкке», «Қонды орманға қорғасын бұлт», «Бомба бол да жарыл жүрек», «Қанды пышақ – жау күлкісі, Қақ жарғандай түн жүрегін», «Айнала жау ырсыл қағып, Айдаһардай көтерді бас», «Түсіргендей көктің миын, Зіркілдеді зеңбіректер», «Естігендей дозақ күйін, Көрден ытқып шықты өліктер», «Қара толқын орман шашын, талдап жұлды снарядтар», т.б. теңеулер мен бейнелі сөздер арқылы ақын тұтас сұрапыл «соғыс» образын жасағандай әсерде қаласың.

Поэманың апогейі, шырқау биігі – Абдолланың жау қолына түскеннен гөрі, жанып жатқан отқа түскенін суреттейтін тұсы:

«Қайсар батыр от киінген,
Күш-қайратын тіске жиып,
Жаңағы ақшыл ер жүзінен
Жалын тілін тұрды сүйіп.
Шұғыла шашқан кешкі бұлттай,
Толқын шашты оттар ойнап,
Өрт топанын кешіп Нұхтай,
Жалғыз өзі тұрды бойлап,
Тұрды ұқсап, тұрды кейде,
От ұстаған Прометейге...

Қазақ халқының жадында Абдолла ақын дәл осы Қасым жырлаған бейнеде мәңгі сақталып қалды. Қасым поэмасының күдіреті де сонда.

Соғыстан кейін де Қасым ақын әдебиетте өнімді еңбек етті. Оның ойлы, парасатты, рухы асқақ, сезімі сергек жырлары қазақ поэзиясының алтын қорына енгізілгелі қашан?! Оның терең тебіреніспен жазылған әрбір лирикалық өлеңі әр оқығанда жаңа бір қырынан ашылады. Қасым ақын ұлылығының сыры да сол болса керек. Ақынның халыққа кең тараған «Дариға, сол қыз», «Ақсәуле», «Сауыншы жеңгейдің жыры», «Жас дәурен», «Баспана», «Өзім туралы», «Туған жер» сияқты өлеңдеріне жазған ғажайып сазды әндері радиотолқындарынан түсіп көрген емес. Қасымның «Орамал»,

«Қара ағаш», «Азербайжан қызына», «Ақшалық», «Жетпіс пен жеті», «Дауыл», «Үстімде сұр шинелім», «Құз», «Өшпес өмір өлеңі», т.б. көптеген өшпес жырлары қазақ поэзиясына жаңалық болып келді. Академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың зерттеу еңбектеріне жүгінсек, Қасым Аманжолов қазақ поэзиясының көркемдік кеңістігін жан-жақты кеңейтті. Өзінің «Сөз өнері» оқулығында ардақты ұстазымыз Зекең Қасым өлеңдерінен көп мысалдар келтіре отырып, ақынның синонимдерді еселеп қолдана отырып түп-түгел плеоназмға жол ашатынын, мағынасы қарама-қарсы антонимдерді мол пайдаланатынын, аллитерация, ассонанс, теңеу, эпитет, метафора, символ, метонимия, психологиялық параллелизм сияқты тың көркемдік бейнелеу құралдарымен әдебиетімізді байытқандығын айқындап береді. Сондай-ақ қазақ өлең құрылысына Қ.Аманжолов әкелген соны жаңалықтар туралы да біршама зерттеулер бар. Сөйтіп Қасым поэзиядағы ешкімге ұқсамайтын өз жолын салғандығы дәлел тілемейді. Осы ретте ақын Сырбай Мәуленовтің 1961 жылы жазған мына бір пікірі ойға оралады: «Қасым – өзіндік үлкен мектебі бар ақын. Қазіргі Ғафу Қайырбеков, Қабыкен Мұқышев, Сағи Жиенбаев, Мақсұт Байсейітов секілді бірқатар ақындарымыздың өлең екіпіндерінде, жырдың музыкалық сазында, еркелік назында, сөз өрнектерінде, әсерлі бейнелерінде Қасым поэзиясының үлкен ықпалы, игі шапағаты барлығы даусыз». Қасым мектебінен нәр алып, сусындап барып, қазақ поэзиясын дамытқан ақындар қатарында Мұқағали Мақатаев, Төлеужан Ысмайылов, Төлеген Айбергенов, Жүмекен Нәжімеденов, Жарасқан Әбдірашев, Кеңшілік Мырзабеков есімдерін атауға әбден болады. Алатаудың асқақ шыңдарының бірі – Қасым шыңындай көрінеді маған. Қазақ поэзиясына құбылыс болып келген ұлы ақын Қасым Аманжолов сол биіктен:

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді

Қасымның өзі емес деп кім айтарсың! – деп бүгінгі бізбен де, тіпті келер ұрпақпен де қастерлі жыр тілінде тілдесіп тұрғандай.

Қорыта айтқанда Қасым Аманжолов поэзиясы-дауылдай екпіннің, өткір ой, отты сезімнің поэзиясы. Ол сегіз қырлы сөз өнерінің барлық қырын жасындай жарқылдатып оттай лапылдатып, өрттей лаулатып өз дегеніне көндіріп меңгерген ақын. Аз өмірінде мол мұра қалдырған, талғампаз, ойшыл, тәкаппар ақын, қазақ поэзиясы аталатын сәулетті сарайдың берік бір ірге тасы, биік бір діңгегі. Ол өз поэзиясы туралы

Қазақтың әні мен өлеңін

Найзағайдай көтеріп келемін.

Шығыстың аласа аспанын

Түндіктей түріп бір тастадым,-деді. Оның бұлай деуге қақы барын қазақтың күллі қауымы мойындайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қасым Аманжолов — қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кең жайылған Қасым Аманжолов ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы еді. Өмірден ерте кеткенмен, ол болашақ ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл күйі мен табиғатты биік парасаттылықпен, шынайы сезіммен, зор тебіреніспен жырлады.¹¹

Қасым Аманжолов – қазақтың аса ірі ақындарының бірі. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ақынның әдеби мол мұрасын 7-8 поэмасы мен алуан тақырыптағы лирикалары құрайды. Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне зор шабытпен аударды. Қ.Аманжолов – өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандар сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.

Соғыстан кейін А. не бары он жыл өмір сүрді. Көркемдік сапасы жоғары лирик. өлеңдермен қатар «Боран», «Біздің дастан», «Бикеш», «Жамбыл тойында», «Құпия қыз» тәрізді үлкен эпик. поэмалар жазды. А. ақындығымен қатар үлкен сазгер де болған. Оның әнін де өзі шығарған «Дариға сол қыз», «Туған жер», т.б. шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған. А. қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына да зор үлес қосты. Ол А.С. Пушкиннің «Полтава», М.Ю. Лермонтовтың «Маскарад», А.Т. Твардовскийдің «Василий Теркин», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, Т. Г. Шевченконың, В. В. Маяковскийдің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Қазақ поэзиясына он буынды өлең түрін енгізіп, оны әбден тұрақтандырды.

Майданнан оралғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қасым журнал редакцияларында істейді, ара-тұра поэзия, ақындық өнер тақырыбына сын мақалалар жариялайды, өлеңді де өндіре жазады. Мысалы: 1946 жылы 26 өлең жазыпты, солардың ішінен, әсіресе "Достар", "Туған жер", "Құрбыма", "Сауыншы жеңгейдің жыры", "Домбыра", "Май келді", "Күйім тасып барады, күйім тасып", т.б. көркемдігі жоғары өлеңдерін ерекше атауға болады. Ақын 1947 жылдан бастап сырқатқа шалдығады. Соның өзінде сол жылы он шақты өлең жазып, "Біздің дастан" поэмасын бастайды. М.Лермонтовтың "Маскарад" драмасын, А.Твардовскийдің әйгілі "Василий Теркин" атты ұзақ та күрделі поэмасын өте шебер аударады. 1948 жылы да Қасым көп жазады, "Дауыл" атты жинағы жарық көреді. Ол туралы үлкен ақын әрі поэзия білгірі Әбділда Тәжібаев "Социалистік Қазақстан" газетінде "Дауылды жырлар" деген мақала жазып, аса жоғары бағалайды. Осы жылдары Пушкин мен Лермонтовтың бірсыпыра өлеңдеріне қоса, Пушкиннің "Полтава" поэмасын аударады. "Балбөбек", "Нұрлы дүние" жинақтарын шығарады. 1952 жылы "Таңдамалы шығармалары" жарық көреді. 1954 жылы бүгінде жұрттың көбі жатқа білетін әйгілі "Өзім туралы" толғауын аяқтайды.

Қорыта айтқанда, Қасым Аманжолов шығармалары бүкіл қазақ поэзиясының, қала берді поэмалар жанрының үздік үлгісі болды.

Ол өз оқушысын шымыр құрылған композициясымен де, шебер сомдалған образдар жүйесімен де, дәуір ақиқатын айқын танытарлық бейнелеу құралдарымен де сүйсінте алатын туындылармен сомдады деп білеміз.

ТЕЗИС

Қазақтың қара өлеңінің жыр керуені ХХІ ғасырға аяқ басты. Оның бастау бұлағында халықтың аса бай ауыз әдебиеті, бабаларымыздың тасқа қашап жазып кеткен асыл жәдігерлері, жыраулық поэзияның інжу-маржандары жатқандығы ғылыми дәлелденді. Ал жазба поэзия туралы сөз еткенде, ең алдымен ұлы Абай жырлары жадымызда жаңғырып тұрады. Сол Абайдан соңғы ақындар ішінде алдымен ауызға ілінетіні Мағжан мен Ілияс сияқты біртуарлар екендігі де айтылып та, жазылып та жүр. Олардан кейін қазақ өлеңіне тың леп, жаңа дауыс әкелген Қасым Аманжолов десек, ақиқатқа жүгінгеніміз болар.

Қасым ақын 1911 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келеді. Жастай жетім қалған ол Семейдегі интернатқа түседі. Сонда сауат ашады. 1927–1930 жылдары Семей малдәрігерлік техникумында оқиды. Одан соң Орал қаласындағы педагогикалық институтта, біраз уақыт Ленинградтың (Санкт-Петербургтың) орман шаруашылығы институтында да білім алады. Бірақ оны денсаулығына байланысты бітірместен, 1932 жылы Алматыға келіп, «Лениншіл жас» газетіне қызметке орналасады.

Дәл осы кезден бастап оның өлеңдері баспасөз бетінде жиі көрінеді. Қалың оқырман Қасымды ақын ретінде 1936–1938 жылдары ғана тани бастаған. Алғашқы жеке өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен 1938 жылы жарық көреді. Бұдан басқа өзінің көзі тірісінде «Гроза» (орыс тіліне аударған Дм. Снегин) – 1946, «Дауыл» – 1948, «Балбөбек» – 1949, «Стихи» (орыс тілінде) – 1949, «Нұрлы дүние» – 1950, Таңдамалы шығармалары – 1952 жылдары тасқа басылып шығады. Қасым ақынның өзіндік бітім болмысы, бүтін тұлғасы дәл солай қалыптасқан. Өз шығармашылығының алғашқы жылдарында халық ауыз әдебиетінің ақпа-төкпе, желдірме-терме ырғағына бой ұрған кездері де болған.

Күндерде күн болғанда,

Кеудеге зіл толғанда,

Дүние азып-тозғанда,

Айуаншылық қозғанда...
Белес, белес асқанда,
Шалқып көңіл тасқанда,
Жерді жеңіп, жентектеп,
Жібек желді жетектеп,
Шыққанда ұшып аспанға,
Көктің қойнын ашқанда,
Бар әлемге танытқан,
Өмір сырын ағылтқан...
Табиғатты иіткен,
Жер бауырын жібіткен,
Жер сауырын гүл еткен,
Бетін торғын, нұр еткен,
Сай-саласын ну еткен,
Бетпақ шөлін сулы еткен,
Құм мен сорын шөп еткен,
Дөң, адырын көк еткен,
Қойнын ашып, кен еткен,

Мол байлыққа кенелткен, – деген сияқты жолдар Қасымның жасынан ауыз әдебиетінің уызына жарып өскен талант екендігін айғақтайды.

Қорыта айтқанда, Қасым Аманжолов шығармалары бүкіл қазақ поэзиясының, қала берді поэмалар жанрының үздік үлгісі болды.

Ол өз оқушысын шымыр құрылған композициясымен де, шебер сомдалған образдар жүйесімен де, дәуір ақиқатын айқын танытарлық бейнелеу құралдарымен де сүйсінте алатын туындылармен сомдады деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Каримов И.А. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент. 2008
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдері сөздігі. Алматы. 1998
3. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Алматы. 1984
4. Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр. Алматы.1988
5. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. Алматы. 1988
6. Бердібаев Р. Роман және заман. Алматы. 1989
7. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. 1987
8. Қабдолов З. Сөз өнері. 1992
9. Қаратаев М. Сөз өнерінің хас шебері. Жұлдыз. 1981. №3
10. Қаратаев М. Замана рухымен. Жайсаң талант. Алм. 1988
11. Қирабаев С. Ілгерілеу жолы ізденіс. Дәуір және әдебиет. I кітап. А. 1987
12. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. Әдебиет дамуының жаңа кезеңі.
13. Қирабаев С. Уақыт және қаламгер 3 жинағы. Алматы, 1985
14. Қазақ әдебиеті. Жүректерге жол тапқан. Ж.Шайқақов. 1980
15. Қоңыратбаев. Ә. Шеберлік сырлары. Алматы, 1979
16. [www Ziyo net](http://www.Ziyo.net)
17. [http: // www // uraini // ru](http://www//uraini//ru)

Мазмұны

1 Көрәспе	2	4
2 Қасым лирик ақын	5	9
3 Қасым поэзиясының көркемдігі	10	16
4 Қорытынды	17	18
5 Тезис	19	20
6 Пайдаланылған әдебиеттер	21	